

Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 42/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 желтоқсанда № 2458 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № 29/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 02.09.2016 № 29/02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5 тармақшасының және 20 бабының 5 тармағы 2 тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Г. Алексеева):

1) қоғамдық жұмыстар өткізуге аудан бюджетінде көзделген қаражат шегінде бекітілген тізбеге сәйкес, жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа жіберуді жүзеге асырын;

2) қоғамдық жұмыстарды орындауға ұйымдармен шарт жасасқан кезде кейінгі жұмысқа орналастырылу мүмкіндігін көздесін;

3) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысы жергілікті бюджет қаражатынан, жұмыспен өтілген уақытына екінші деңгейлі банктерде енгізу жолымен жұмыссыздардың жеке шотына төленсін;

4) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысы ең төменгі бір жалақы мөлшерінде төленсін;

5) қоғамдық жұмыстарға жіберілген бір жұмыссыздың жұмыс уақытының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспауы, Қазақстан Республикасының еңбек

заңнамасында көзделген шектеулер ескеріліп, бір сағаттан кем емес түсік үзіліспен екі демалыс күні бекітілсін.

3. "Бұқар жырау ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.К. Аймагамбетова) қоғамдық жұмыстарға жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбекақысына ақшалай қаражатты уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхата Сағадиұлы Алиға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұқар жырау ауданының әкімі

Н. Қобжанов

Аудан әкімдігінің
2013 жылғы 25 қарашадағы
№ 42/02 қаулысына қосымша

2014 жылға арналған жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың көлемдері мен түрлері, ұйымдардың тізбесі

P/ c	Ұйымдар және мекемелердің атауы	Адам саны	Жұмыстар және қызмет түрлері	Қатысу мерзімі (ай)	Жұмыс көлемі
1	"Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетакы төлеу бойынша мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық қәсіпорынының Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының филиалы	2	Ағымдағы және ұзак уақыт сақталатын зейнетакы және жеке істерді сканерлеуге және өндөуге көмек	11	14000 шт
2	"Бұқар жырау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	18	Жалғыз басты мүгедектерге және карт азamatтарға үйінде әлеуметтік қызмет көрсетуге көмек	1-11	75 адам
3	"Бұқар жырау аудандық жастармен жұмыс Орталығы" мемлекеттік мекемесі	30	Жастар және жасөспірімдермен жұмыс ұйымдастыруға көмек	8	7000 адам
4	"Бұқар жырау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	9	Шақыру қағаздарын жеткізуге, Қарулы Күштер қатарына шақыру бойынша халықпен жұмыс жүргізуге көмек	11	3500 адам
5	"Бұқар жырау ауданы бойынша салық Басқармасы" мемлекеттік мекемесі	10	Халықпен жұмысқа, мұлікке, көлік құралдарына салық төлеу жөніндегі хабарламалар мен квитанцияларды жеткізуге көмек	11	10000 дана
	"Бұқар жырау ауданының ішкі істер		Оралмандарды тіркеу және құжаттандыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және рәсімдеуге, көлік құралдарын есепке алу		

6	"басқармасы" мемлекеттік мекемесі	5	картотекасын жүргізуге, күжаттандыру номенклатурасын ресімдеуге көмек, күжаттармен жұмысқа көмектесу	11	6000 дана
7	"Бұқар жырау ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	3	Әділет органдарында күжаттарды өңдеу бойынша жұмысқа көмек	11	18000 дана
8	"Бұқар жырау ауданының құрылыш, сәулелік және қала құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	"Мекен жай регистрі" электрондық базасын жүргізуге көмек	11	3000 дана
9	"Бұқар жырау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	Құжат айналымын, автоматтандырылған ақпараттық жүйе электрондық базасын жүргізуге көмек	11	2000 дана
10	"Бұқар жырау ауданының прокуратуrasesи" мемлекеттік мекемесі	2	Құжат айналымын, кіріс және шығыс корреспонденцияларын жүргізуге көмек	11	2000 дана
11	Бұқар жырау ауданының селолар, ауылдық округтер және кенттер әкімдері аппараттары мемлекеттік мекемелері	320	Мемлекеттік балалар жәрдемақысын, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға және басқа да әлеуметтік көмек түрлеріне қажетті құжаттар пакетін қалыптастыруға, кент және ауылдарды көгалданыруға және абаттандыруға көмек	1-11	8000 ic
12	"Бұқар жырау ауданының білім беру, деңгээшіндерді шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеу, электрондық базаны жүргізуге көмек	11	2000 ic
13	"Бұқар жырау ауданының жер катынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	Кадастрык материалдарды қалыптастыруға көмек	11	2000 дана
14	"Бұқар жырау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттармен жұмысқа көмектесу	11	1400 ic
15	"Бұқар жырау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Тұрғын үй инспекциясының жұмысына көмек	11	700 ic
16	"Бұқар жырау ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеуге, электрондық базаны жүргізуге көмек	11	2000 ic
17	"Бұқар жырау ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды өңдеуге, электрондық базаны жүргізуге көмек	11	1200 ic
18	"Бұқар жырау аудандық соты" мемлекеттік мекемесі	2	Құжаттарды көбейту және таратуға, хаттар мен шақыру қағаздарды жеткізуға, құжаттарды өңдеу бойынша жұмысты жүзеге асыруға көмек	11	1200 ic
19	"Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды филиалының Бұқар жырау аудандық бөлімшесі	2	Құжаттарды өңдеуге, электрондық базаны жүргізуге көмек	11	800 ic
20	"Бұқар жырау ауданының Статистика басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	Өсімдік және мал шаруашылығы бойынша шаруашылық кітабі бойынша есептердің деректерін салыстыруға көмек	11	3500 ic
	"Бұқар жырау аудандық Қазынашылық		Мұрағаттық құжаттарды өңдеуге		

21	"басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	көмек	11	1500 іс
22	"Бұқар жырау ауданы мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі	2	Мұрағаттық құжаттарды өндеуге көмек	11	5000 іс
23	"Жылжымайтын мүлік орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Бұқар жырау филиалы	2	Электрондық деректер базасын техникалық өндеуге көмек	11	1500 іс
24	"Бұқар жырау ауданының ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	Ауыл шаруашылығы жаңуарларын бірдейлендіру есебі бойынша электрондық базаны жүргізуге көмек	11	30000 дана

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК